

**Азизов Худайберген Алимбаевичке 8D09101-Ветеринариялық медицина білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Поликомпонентті фитопрепараттың қозылар ағзасының телімсіз резистенттілік көрсеткіштеріне әсері және бронхит ауруына қарсы емдік тиімділігі» тақырыбы бойынша орындалған диссертациялық жұмысына
Ресми рецензенттің жазбаша пікірі**

р/н №	Өлшем шарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация ҚР-ң Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	2. Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасы «Ұлттық Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы (НЦГНТЭ)» акционерлік қоғамы бекітілген (тіркеу №0125РКИ0014) «Фитопрепараттардың ауылшаруашылығы жануарлары төлдерінің респираторлық ауруларына қарсы емдік тиімділігін зерттеу» ынталандыру тақырыбы аясында орындалған және оның негізгі мәселелері 2021-2030 жж арналған ҚР агроөнеркәсіптік кешенін дамыту концепциясының перспективалық бағыттарын, оның ішінде ветеринария саласының тиімділігін арттыруға сәйкес келеді.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Ғылыми-зерттеу нәтижелері ветеринариялық-медицина ғылымдардың дамуына елеулі үлес қосады. Докторант алғаш рет емдік қасиеті бар жергілікті дәрілік өсімдік шикізаттары жиынтығынан поликомпонентті фитопрепараттар дайындап, олардың фармако-токсикологиялық, микробиологиялық, иммунологиялық көрсеткіштерін және оңтайландырылған дозаларын анықтап, шаруашылық жағдайларында қозылардың бронхит ауруына қарсы емдік-профилактикалық тиімділігін зерттеп, олардың жоғары дәрежеде әсер ететіндігін анықтаған. Диссертациялық жұмыстың нәтижелерін ветеринариялық медицина білім беру бағдарламасы бойынша білім алушылардың оқу бағдарламаларына енгізілген, сонымен қатар практикалық

			ветеринариялық дәрігерлерінің біліктілігін жоғарылату курстарының тыңдаушыларына және шаруа қожалықтарында төлдерінің респираторлық ауруларын, оның ішінде қозылардың бронхит ауруын емдеу үшін қолданылатын дәрі-дәрмектер қорын кеңейтуге мүмкіндік берудегі маңыздылығымен ерекшеленеді.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	1) Өзі жазу деңгейі жоғары. Диссертацияның мағыналық мазмұны ветеринариялық медицина саласының ғылыми-зерттеулеріне лайықты ғылыми шығармашылық тілде, түсінікті дәйекті стильде мәтінделген. Зерттеу нәтижелерін дәріптеудегі тұжырымдамалардың үйлесімділігіне қатысты дереккөздерге сілтеме берілген.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	1). Диссертациялық жұмыс өзекті мәселеге арналып және ғылыми-практикалық тұрғыдан толығымен негізделген . Дәрілік өсімдіктердегі фармакодинамикалық қасиет ондағы әсер етуші заттың тірі торшада түзілетіндігі мен жануар торшасымен ұқсастығы және организмдегі биохимиялық процестердің біртектілігімен түсіндіріледі. Сонымен қатар дәрілік өсімдіктегі емдік қасиет құрамындағы заттардың комбинациялық байланыстылығын докторант төл организміндегі иммуноморфобиохимиялық зерттеулердегі жасушалық және гуморальдық факторлар көрсеткішінің өзгерулерін басшылыққа алуы зерттеулер нәтижесін толық айғақтай алады. Сондықтан да емдік қасиеті бар дәрілік өсімдіктер шикізатынан дайындалатын препараттар қозылардың респираторлық ауруларын, оның ішінде бронхиттің алдын алуда және емдеуде маңызды болып табылады. Осыған орай ветеринария ғылымдарының алдында төлдердің респираторлы ауруларына қарсы емділік қасиеті жоғары поликомпонентті фиопрепараттарды іс жүзінде қолдану қазіргі таңда өзекті мәселелердің бірі болып табылады.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) айқындайды; 2) ішінара айқындайды;	Диссертациялық жұмыстың мазмұны диссертация тақырыбын толық айқындайды және оның мағыналық мазмұнына сәйкес келеді. Фитопрепараттарың дайындалу технологиясы, әсер ету механизмдері және қозылардың

	3) айқындамайды.	<p>бронхит ауруына қарсы кешенді қолданылуы және олардың өсіп-даму функциясына әсері туралы орындалған зерттеулер тақырыпқа толықтай сай келеді.</p> <p>Поликомпонентті фитопрепараттар қозылардың респираторлық ауруларына қарсы емдік және профилактикалық тұрғыдан тиімді әсер ететіндігі дәлелденген: емдік тиімділігі 100%-ға дейін, ал бақылау тобында 80%; емдеу мерзімін 3-5 тәулікке дейін қысқартады; орташа тәуліктік және абсолюттік салмақ қосу көрсеткіштері бақылау тобымен салыстырғанда болатындығы анықталып, экономикалық тұрғыдан тиімді болатындығы есептелінген.</p>
	4.3. Максаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Диссертациялық жұмыстың максаты мен міндеттері диссертация тақырыбына толығымен сәйкес келеді .
	4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымы поликомпонентті фитопрепараттың қозылар ағзасының телімсіз резистенттілік көрсеткіштеріне әсері және бронхит ауруына қарсы емдік тиімділігі бойынша логикалық тұрғыдан толығымен байланысқан .
	4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	Докторанттың қозылардың бронхит ауруын емдеу үшін алынған поликомпонентті фитопрепараттарды дайындау және қолдану туралы мәліметтері ғылыми-теориялық және практикалық тұрғыдан жан-жақты дәйектелген және сыни түрде талданған және басқа да фитопрепараттармен салыстырылып, бағаланған.
5. Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Алынған ғылыми нәтижелер мен қағидаттар толығымен жаңа болып табылады. Жұмыстың жаңалығы 1 пайдалы моделге алынған патентте (№9878. 06.12.2024 ж.) және 1 әдістемелік нұсқауда көрсетілген.
	5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?	Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа болып

	<p>1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	табылады деп есептеуге болады. Алынған қорытындылардың барлығы да мағыналық мазмұны өте кең ұғымда сипатталып, дәйекті түрде берілген.
	<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	Технологиялық шешімдер қойылған міндеттерге сәйкес негізделген және толығымен жаңа деп айтуға болады.
6. Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Диссертациялық жұмыс бойынша жазылған барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан ауқымды дәлелдемелерде толығымен негізделіп жасалынған.
7. Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	<p>Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең; 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін</p>	<p>- Поликомпонентті фитопрепараттардың қозылардың ағзасының телімсіз резистенттілік көрсеткіштеріне әсері және бронхит ауруына қарсы емдік тиімділігін негіздеу қағидаты толық көлемде дәлелденген.</p> <p>- Ия. Поликомпонентті фитопрепараттардың дайындалу технологиясы, қозылар ағзасына әсер ету механизмдері мен қолданылуын тривиалды деп айтуға болады.</p> <p>- Дайындалған поликомпонентті фитопрепараттарды және олардың қозылардың бронхитін емдеу және алдын алу үшін жаңа деп есептеуге болады.</p> <p>- Поликомпонентті фитопрепараттарды шаруашылық жағдайларында төлдердің респираторлық ауруларын, оның ішінде қозылардың бронхит ауруларын емдеу мақсатында кеңінен қолдануға болады деп есептеуге болады.</p>

		<p>емес.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	<p>Зерттеулер нәтижесінде алынған материалдар докторанттың жарық көрген мақалаларында жарияланып, жан-жақты дәлелденген.</p>
<p>Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі</p>	<p>8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ.</p>	<p>Ия. Әдістеменің таңдауы негізделген және зерттеу мақсаты мен міндеттеріне толық сәйкес келеді. Әдіснама диссертацияда нақты жазылған.</p>	
	<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ.</p>	<p>Ия. Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған.</p>	
	<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ.</p>	<p>Ия. Диссертациялық жұмыстың қорытындылары зертхана жағдайында заманауи әдістермен атқарылған, алынған нәтижелер бір-бірімен тығыз байланыста, зерттеу үрдістері жүйелі түрде жүргізілген, дәйектелген. Зертханада алынған оңды нәтижелер ветеринариялық практика жүзінде қолданыс тапқан. Эксперименттік зерттеулер дұрыс ұйымдастырылған.</p>	
	<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.</p>	<p>Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді отандық және алыс-жақын ғылыми әдебиеттерге сілтемелер жасау арқылы расталған.</p>	
	<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.</p>	<p>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға және өзекті мәселелерді шешуге жеткілікті түрде қамтылған.</p>	
<p>9 Практикалық құндылық қағидаты</p>	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:</p> <p>1) бар;</p> <p>2) жоқ.</p>	<p>Бар. Диссертацияның теориялық маңызы бар екендігі ғылыми-өндірістік жұмыстар жүргізу барысында алынған деректер бойынша нақты материалдар негізінде дәлелденген.</p>	
	<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) ия;</p>	<p>Ия. Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Зерттеу жүргізу барысында алынған деректер</p>	


		2) жоқ.	поликомпонентті фитопрепараттардың қозылардың бронхит ауруына қарсы тиімді әсер ететіндігі нақты материалдар негізінде дәлелденіп, шаруашылық жағдайында пайдалануға ұсынылған.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Практикалық ұсыныстарды толығымен жаңа деп есептеймін.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу сапасы - жоғары .
11.	Диссертацияға ескертулер		<p>1. Препараттар дәрілік өсімдік болғандықтан олар медицинада токсикалық әсері кеңінен зерттелінеді. Сондықтан оларға арнайы зерттеу жүргізу босқа уақыт кетіру ма деп санаймын. Сонымен қатар тері аппликациялық әдіс те жүргізілген, сондықтан дайындалған фитопрепараттың өзара үйлесімділігін анықтау ғана жеткілікті болар еді?.</p> <p>2. Төлдің өсіп-дамуына қатысты анықталынған иммунологиялық көрсеткіштердің қолданылған препаратқа қатыстылығына қарай қуаттандырғыш әсеріне поликомпонентті препараттың фармакологиялық әсеріне биохимиялық тұрғыдан сипаттама беруді төл организміндегі физиологиялық үрдістер тарапынан нақтылап аша түсу қажет па деп есептеймін, мысалы, клиникалық-фармакологиялық негіздемелері бойынша?.</p> <p>3. Сонымен қатар төл енесі уызының иммунобиологиялық құндылығы анықтауда ондағы аутоиммундық антиденені тексеру керек па деп есептеймін. Мысалы, төл диспепсиясында бұл мәселе болып табылады және қозылардың жас ерекшеліктеріне қарай өзара иммунобиологиялық ерекшеліктері сараланса болар еді?.</p> <p>Дегенімен диссертациялық жұмыстағы өте ауқымды зерттеулер нәтижелерінің мағыналық құндылықтарын</p>


		ескере отырып, бұл ескертулер жұмыстың маңыздылығын төмендете алмайды деп есептеймін.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)	Докторант диссертациялық материалдар негізінде 18 ғылыми жұмыстар жариялаған, оның ішінде 5 мақала ҚР ҒЖБССҚК ұсынған басылымдарда (4 мақала Жәңгір хан атындағы БҚАТУ «Ғылым және білім» ғылыми-практикалық журналында; 1 мақала «Микробиология және вирусология» ғылыми-тәжірибелік мамандандырылған журналында), 1 мақала Scopus дерекқорындағы мәліметтер базасына кіретін журналда, CiteScore рейтингі бойынша процентилі-53; 6 мақала халықаралық конференциялар материалдарында баяндалып, жарияланған, 1 пайдалы моделге патент алынды, 1 өндіріске ұсыныс дайындалды. Ғылыми мақалалардың зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі жоғары және алынған зерттеулер деректерімен толығымен сәйкес келеді.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)	Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, орындалған жұмысының көлемі, өзектілігі, жаңалығы, тәжірибелік құндылығы және зерттеу бағыты жағынан докторлық диссертацияларға қойылатын талаптарға сай келетіндігін ескере келе, докторант Худайберген Алимбаевичке 8D09101-Ветеринариялық медицина білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін тағайындалуын ұсынамын.

Ресми рецензент:

Билялов Ермекказы Ережепович
«Шәкарім университеті» КеАҚ ветеринария кафедрасының аға оқытушысы,
ветеринария ғылымдарының кандидаты

«18» мамыр 2026 жыл




_____ қолын растаймын
«18» 05 2026 ж.